


ПАВЛОДАР
ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ



АКИМАТ
ПАВЛОДАРСКОЙ
ОБЛАСТИ

КАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2015 жылғы 27 сәуір, № 131/4

Павлодар қаласы

город Павлодар

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі
экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі Павлодар облысының
2015-2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2015-2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» № 234 қаулысын іске асыру мақсатында Павлодар облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі Павлодар облысының 2015-2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Қалалар мен аудандардың әкімдері, облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшылары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі ведомствалық жоспарларын әзірлесін және бекітсін.

3. Павлодар облысы әкімдігінің 2011 жылғы 27 мамырдағы «Павлодар облысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2011-2015 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы» № 103/4 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысы Р.К. Оразқандияқовпен жүзеге асырылсын.

Облыс әкімі

К. Бозымбаев



0110929

Төс. шарабаевті оқыға

Павлодар облысы әкімдігінің
2015 жылғы «27» сәуірідегі
№ 131/4 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі Павлодар облысының 2015-2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімдері	Орындаушы	Қаржыландыру мөлшері	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
Мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл						
1.	«Мемлекеттік басқару органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбы бойынша облыстың мемлекеттік қызметшілерін оқытуды ұйымдастыру	облыс әкіміне ақпарат	жыл сайын	облыс әкімінің аппараты, қалалар мен аудандардың әкімдері	бюджетте көзделген қаражат шегінде	облыстық бюджет, қалалар мен аудандардың бюджеттері
2.	«Нұр Отан» партиясының өңірлік филиалдарымен бірлесіп, мемлекеттік органдар арасында сыбайлас жемқорлық көріністерін алдын алу жөніндегі жұмыстың дұрыс жолға қойылуына конкурстар, сондай-ақ форумдар, акциялар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы	облыс әкіміне ақпарат	жыл сайын	қалалар мен аудандардың әкімдіктері, жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік органдар (келісім бойынша), «Нұр	бюджетте көзделген қаражат шегінде	облыстық бюджет, қалалар мен аудандардың бюджеттері

